

«КЕЛІСІЛДІ»


Талас ауданы әкімдігінің
кәсіпкерлік, онеркөсіт және туризм
бөлімінің басшысы

 А.Ж. Таусаров
2025 ж.



«БЕКІТІЛДІ»

«Жамбыл облысы әкімдігінің
кәсіпкерлік және индустріалды-
инновациялық дамыту
басқармасының «Тараз-Туризм»
туристік ақпараттық орталығы»
КММ басшысы

 М.М. Уразалиева
2025 жыл



«КЕЛІСІЛДІ»

ШҚ «Күлтай ата» төрағасы
 Р. Жұмабеков
2025 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Талас ауданы
Қаратая ауылдық округі әкімі
М.Т. Несипбаев

 2025 жыл



**«ҚЫЗГАЛДАҚ МУРА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН
«БИЕ САУУ» ЖАРЫСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қаласы – 2025 жыл

V. Жарысты өткізу тәртібі

Бие сауу жарысына қатысатын жұп ер және әйел адамнан құралуы қажет. Әр жұп өзінің сауын биесін әкелуі міндетті. Бие сауыншыларға 5 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде кімнің сауындысы (бие сүті) көп болады, сәйкесінше сол жеңіске жетеді. Жарысқа қатысушылар кезегі жеребе тарту арқылы анықталады. Жарысты төрешілер қазылық етіп бағалайды.

VI. Жарыс талаптары;

- ❖ жарысқа жұп болып қатысу міндетті;
- ❖ әр жұп өзінің сауын биесін әкелуі міндетті;
- ❖ Сауу алдында және соңында қолды тазалау міндетті;
- ❖ Сауу барысында қатысушы биені тыныштандыруға тиіс, биеге дөрекілік жасау — жарыстан шеттетілуге себеп болады.
- ❖ жеке басын күәландыратын құжаттың болуы;
- ❖ жұптардың кәмелетке толған ер адам мен әйел адамнан тұруы міндетті (2 ер адам немесе 2 әйел адамнан құралған жұп жарысқа жіберілмейді)
- ❖ сауыншы күбі әкелуі міндетті;

VII. Бағалау критерийлері

- ❖ **Жылдамдық:** уақыт ішінде қанша литр сүт сауылды;
- ❖ Сауылған бие сүтінің мөлшері;
- ❖ Жұп болып қатысусы (Ер мен әйел);
- ❖ **Тазалық:** саумалда шөп, кір, бөгде зат болмауы керек.
- ❖ **Техника:** биеге дұрыс жақындау, екі қолмен дұрыс сауу әдісі.
- ❖ **Биенің тыныштығы:** биенің үрікпеуі, тыныш тұруы маңызды.
- ❖ **Жалпы әсер:** қатысушының жинақылығы, киім үлгісі (ұлттық нақыштағы киімдердің болуы), сахналық мәдениеті.

VIII. Жабдықтары:

- ❖ Арнайы дайындалған бие (тыныш, саууга үйренген);
- ❖ Сауын шылапшын (шелек) — таза және бекітілген көлемде;
- ❖ Таза, стерильді сүзгі немесе дәстүрлі матадан сүзгі болуы мүмкін;

1-БӨЛІМ. Жарыстың атауы

1.1 «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі аясында ұйымдастырылатын «бие сауу» жарысы(әрі қарай – Жарыс);

1.2 Фестиваль 2025 жылғы 3 мамыр күні Жамбыл облысы, Талас ауданы, Есей би (Есейхан) ауылдық округі, Қаратай тауының бөктерінде өтеді;

1.3 Қатысушыларды тіркеу (*регистрациясы*) сайт (taraztulip.kz) арқылы жүзеге асырылады;

1.4 Мандаттық комиссиясы және жеребе тарту рәсімі 3 мамыр күні, сағат 10:00-11:00;

1.5 Жарыс 3 мамыр күні, жарыстың басталуы сағат 10.00-12.30 аралығында ұйымдастырылады;

II. Жарыстың мақсаты

- ❖ Қазақ халқының дәстүрлі сауын өнерін насхаттау;
- ❖ Сауын шеберлерін анықтау және марапаттау;
- ❖ Ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау

III. Жарыстың ету мерзімі мен орны:

Отінім қабылдау мерзімі: 01 мамыр күні сағат 13.00 ге дейін өтінімдер қабылданады. 01 мамыр күні сағат 13.00 дейін кейін немесе жарыс күні өтінімдер қосымша қабылданбайды.

Откізу орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Есей би ауылы, Қаратай тауының бөктері;

Откізу мерзімі: Жарыстың басталуы 2025 жылдың 3 мамыр күні.

IV. Жарыс басшылығы

Жарыстың жалпы басшылығы «Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустримальды-инновациялық дамыту басқармасының «Тараз-Туризм» туристік ақпараттық орталығы» КММ-не, Талас ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне, «Құлтай ата» шаруа қожалығы мен Талас ауданы, Қаратай ауылдық округіне жүктеледі. Жарыс кезінде медициналық көмек, қоғамдық тәртіп және өрт қауіпсіздігі қызметтерін қамтамасыз ету Талас ауданы әкімдігіне жүктеледі. Жарысқа қатысушыларды жарыс орнына жеткізу ұйымдастырушылар тараپынан.

IX. Қатысушыларға тыйым салынады:

- ❖ Биені ұру, ауырту немесе қорқыту;
- ❖ Үйдисты дұрыс қолданбау (мысалы, кір ыдыс пайдалану);
- ❖ Басқа қатысушыларға кедергі келтіру.

VII. Жарыс шығындары

Жарысқа қатысушылардың келіп, кету шығындары өз қаражаттары есебінен.

Жалпы жүлде қоры – 1 миллион теңге. Ұйымдастыру алқасы женімпаздар санына қарай жүлде қорын бөледі.

Косымша номинациялар:

- ❖ «Ең үздік сауыншы»;
- ❖ «Шебер сауыншы» ;
- ❖ «Епті сауыншы» ;
- ❖ «Ұқыпты сауыншы»;
- ❖ «Ұлттық нақыштағы киім» .

* Бұл ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.